



## «Алтын белгі» иегерлеріне айрықша мүмкіндік

Shakarim University дарынды мектеп түлектеріне бағытталған бағдарламалар құруда сапалы бастамалар жасап келеді. Мәселен, Абай облысындағы 222 «Алтын белгі» иегерлерінің барлығы 2024-2025 жаңа оқу жылында аталған университетте тегін білім ала алады.

**Бекзат ҚҰЛШАР,**  
«Egemen Qazaqstan»

Соңғы қоңырау салтанатында үздік оқушылар университет табыстаған білім гранттарына ие болған еді. Дарынды жастарға берілген бұл мүмкіндік олардың әрі қарай кәсіби өсуіне елеулі қолдау болары сөзсіз. Бұл Абай өңіріндегі басқа білім беру күші ретінде кадрларды даярлау және тұлғалық өсуді дамыту мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін, болашақ кадр ресурстарын қалыптастырумен белсенді айналысатын Shakarim University ролінің ерекше екенін көрсетеді. Облыстың озық түлектерін өңірлік университетке тартудың мұндай тәжірибесі бұрынсоңды болмағанын да осы тұста айрықша атап өткеніміз жүз.

«Өңіріміздегі небір дарынды түлектер жоғары

оқу орындарына таңдау жасар сәтте шетелдік немесе еліміздің өзге орталық университеттерін таңдауы бек мүмкін. Бірақ Шәкәрім университеті ұсынған тегін оқу сертификаттары көптеген дарынды мектеп түлектерінің өз өңірінде қалуына әжептәуір әсер етеді деп сенеміз. Сондай-ақ біздің стратегиямыз да олардың өз әлеуетін толық іске асыра алатындай жағдай жасауға бағытталған. Сертификаттарды тапсыру кезінде балалар мен олардың ата-аналарының жүздерінен осындай қосымша мүмкіндіктердің беріліп жатқанына үлкен ризашылықтарын білдіргендерін байқадық. Біздің мақсатымыз – оларға туған өлкесіне қажет екендіктерін жеткізу», дейді Shakarim University ректоры Думан Орынбеков.

Shakarim University аталған бағдарламадан бөлек, басқа да бастамалар бойынша

көш ілгері. Білім ордасының зияткерлік әлеуетін арттыру мақсатында ынтымақтастық стратегиясы әзірленіп, тұрақты түрде шеберлік сабақтары, тренингтер, танымал профессорлардың ашық дәрістері, арнайы семинарлар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Сонымен қатар аймақтың кез келген, тіпті ең шалғай жеріндегі мектептермен тікелей байланыс жасайтын қабылдау комиссиясының инновациялық үрдістері цифрлық байланыс құралдарын пайдалана отырып, дарынды оқушылармен байланыс орнатуға көмектеседі.

Аталған жоғары оқу орнында жастарға 2 жыл бойы шетелдік серіктес университеттерде, атап айтсақ, Ресей, Корея, Польша сынды мемлекеттерде білім алуға мүмкіндік беретін қос дипломдық бағдарламалар бойынша оқыту қарастырылған. Бұл ретте ғылым мен техниканың даму үрдісін ескере отырып, жекелеген мамандықтар бойынша кадрларды даярлау мерзімдері де қайта қаралды.

Осылайша, облыс жастары еңбек нарығына IT, экономика, геодезия салаларындағы білікті маман ретінде білім бағдарламасын әдеттегідей 4 жылда емес, 3 жылда тәмамдап, қатарға қосыла алады. Бұл бастама жұмыс берушілер мен талапкерлердің сұраныстарын өтеп қана қоймай, сонымен қатар дарынды жастарды тартудың тиімді стратегияларын жасауға айтарлықтай мүмкіндік береді.

Білім грантының сертификаттары Shakarim University табалдырығын аттаған әрбір талапкер үшін даму мен өзіне-өзі жетілдіруге шын мәнінде кең мүмкіндіктер ашады. Түлектердің бірі – Алдияр Төлеубековтің ата-анасы «Еліміздегі белгілі өңірлік жоғары оқу орнынан білім гранты сертификатын алу отбасы үшін тамаша әрі күтпеген тосын-сый» екенін атап өтіп, университет бастамаларының алдағы уақытта да жемісті болуына тілектестігін білдірді.

Көптеген бастаманы біріктіре отырып, академиялық жетістіктер орталығына айналған университет қазіргі таңда аймақтың экономикалық мәселелерін шешу үшін мамандар базасын құрып жатыр. Бұл мысал жай ғана көрсеткіш емес, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жаңа буын мамандарының ролін арттыруға, өңірлердегі жастардың кадрлық резерв қорын құруға қатысты алға қойған міндеттерінің шешімін барынша айқын көрсетеді. 2023-2024 оқу жылында Shakarim University-де заманауи модельдегі жаңа технологиялармен жабдықтау, университеттің академиялық коллаборация диапозонын кеңейту, ғылыми әлеуетін күшейту сынды көптеген өзгеріс жүргізіліп жатыр.

Өткен оқу жылында үздік мектеп түлектерін университетке тарту жұмыстары бойынша сараптама жасасақ, Shakarim University өңір бойынша жоғары білім беру секторындағы көшбасшы оқу орны екенін анық көрсетті. Сапалы білімге, аймақтың болашағына салынған инвестиция сөзсіз үлкен өзгерістерге әкеледі. Себебі білім және ғылым – XXI ғасырдың даму алғышарты.

## Түлектер отандық оқу орындарын таңдайды

Биыл Керекудің орта мектептерінен 4 322 түлек қияға қанат қақты. Түлектердің шамамен 84 пайызы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады деп күтіліп отыр.

**Қасымхан ҒАЛЫМ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Қазіргі уақытта Ертіс-Баян өңірінде 360 мектеп бар, оларда жалпы саны 116,1 мың оқушы білім алып жатыр. 9-сыныпты барлығы 10 778 оқушы бітірсе, 11-сынып түлектерінің саны – 4 322 бала. Мемлекеттік мектеп бітіру емтихандары 28 мамыр мен 11 маусым аралығында бес пән бойынша өтеді. Ал негізгі ұлттық бірыңғай тестілеуді 16 мамыр мен 5 шілде аралығында электронды форматта Ustudy Тестілеу орталығының екі пункт базасында (Павлодар және Екібастұз қалаларында) өткізу жоспарланған. ҰБТ-ға 3 647 (84,3 пайызы) түлек қатысады.

Білім беру басқармасынан алынған мәліметтерге сүйенсек, соңғы 3 жылда 11-сынып бітірген 9 891 түлек немесе 77,2 пайызы жоғары оқу орындарына түскен. Оның ішінде 9 553 түлек тегін білім алып жатыр. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда, жоғары оқу орындарына мемлекеттік білім беру гранты бойынша түскен түлектер саны 6,3 пайызға артқан. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына 2 372 (18,5 пайыз) адам оқуға қабылданды.

Өңірлік білім беру басқармасы басшысының орынбасары Самал Қадырова атап көрсеткендей, кейінгі бес жылда Павлодар облысында мектеп бітіргендердің 83 пайызы ҰБТ тапсырған. Жыл санап олардың үлесі көбейіп, бытыр тіпті 89 пайызға жеткен. Бұрынғы Ресеймен шекаралас аудандардың балалары оқу бітіре сала көрші елдің жоғары білім орындарын жағалап кететін. Бұл теріс үрдіс кейінгі жылдары төмендеп келе жатқаны байқалады.

– Еліміздің жоғары оқу орындарына түсуге ниет білдіргендер санының оң динамикасы байқалып отыр. Кейінгі 5 жылда 16 498 (81,8 пайыз) түлек қазақстандық білім ұйымдарына оқуға түсті. Осы уақыт аралығында 2 839 түлек

шетелде білім алуды таңдаған. Ал Ресей университеттері мен колледждеріне кейінгі жылдары 2 386 жас құжат тапсырған. Атап айтқанда, Железин, Шарбақты, Тереңкөл, Успен, Ертіс аудандары бойынша әлгіндей жастар азаймай тұр. Кейінгі жылдары мемлекеттік білім беру гранттары мол бөлініп жатыр. Жыл сайын халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балаларға, оның ішінде көпбалалы немесе толық емес отбасылардағы балаларға арналған квоталар саны артып келеді. Сондай-ақ әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға ректорлық гранттар, қалалар мен аудандар әкімдерінің гранттары, Қазақстан халқына қорының гранттары бөлінеді, – дейді С.Қадырова.

Атап өтерлігі, биыл жазғы кезеңде облыс бойынша 109 мыңнан астам оқушы демалыспен және жұмыспен қамтылады. Мемлекеттік лагерьлердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға облыстық бюджеттен 209,8 млн теңге бөлінді. Жалпыға бірдей білім беру қорының қаражаты есебінен әлеуметтік отбасылардан шыққан 12 мыңнан астам бала демалады. Өңірде балалардың демалысы мен жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру үшін барлық мекеменің мүмкіндіктері мен әлеуетін жұмылдыру отырып, кешенді түрде шаралар қабылданып жатыр.

Білім беру басқармасының дерегіне, 1 маусымнан бастап өңірде 782 мектеп жанындағы, қала сыртындағы және бейінді лагерлер ашылады. Бұған қоса «Ұлы дала кереметі» жобасы бойынша 1000 бала тарихи және киелі жерлерге саяхат жасайды. Баянауыл ауданында Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған «Қ.Сәтбаев – ұлт мақтанышы» атты тақырыптық ауысымдар, «Дана мұрасы» экспедициялық жасақтардың слеті жоспарланған.

**Павлодар облысы**

## Жаз жайнатып, күн күлдіріп...

Батыс Қазақстан облысының 376 мектебінде 2023-2024 оқу жылы аяқталып, 122 мыңнан астам оқушы демалысқа шықты. Соның ішінде 6 411 түлек мектеп бітірсе, 10 540 оқушы 9-сыныпты тәмамдады.

**Қазбек ҚҰТТЫМУРАҒҰЛЫ,**  
«Egemen Qazaqstan»

«Биыл мектеп бітіруші түлектердің 233-і «Алтын белгіге», ал 328 оқушы «Үздік аттестат» алуға үміткер», дейді облыстық білім басқармасының басшысы Айгүл Мыңбаева. 28 мамыр мен 11 маусым аралығында өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағына 5 627 оқушы қатысуға ниет білдірген. Түлектерге аттестат табыстау рәсімі «Жолың болсын, жас түлек!» деген атаумен 14 маусым күні өтеді.

Өңірде оқушылардың жазғы демалысын, бос уақытын ұйымдастыру және сауықтыру мақсатында әдеттегідей кешенді іс-шара жоспарланған. Жазғы лагерлердің күнтізбелік жоспары мен бағдарламасы әзірленді. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандары лагерлерді аралап, дайындығын тексеріп жатыр. Жазғы демалысты ұйымдастыру, балаларды сауықтыру және жұмыспен қамту мәселелері бойынша білім бөлімдерінің жауапты мамандары, қала сыртындағы лагер басшылары бас қосып, семинар-кеңес өткізді. Білім басқармасы алдағы жазда 106 935 оқушы немесе барлық шакірттің 94,7%-ы демалыспен, жұмыспен, сауықтыру шараларымен қамтылады деп отыр.

– Биыл жазда өңірде 619 лагерь жұмыс істейді деп жоспарлап отырмыз. Оның 18-і – қала сыртындағы лагерь, 268-і – мектеп жанындағы тамақтану ұйымдастырылатын лагерь, 327-сі – мектеп жанынан ас бермейтін лагерь және бейінді алаңдар, сондай-ақ 6 шатырлы лагерь болмақ, – дейді Айгүл Әділгерейқызы.

Облыста жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасынан шыққан және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар толығымен, мүмкіндігі шектеулі балалардың 94%-ы, девиантты мінез-құлықты оқушылардың 98,2%-ы жазғы демалыспен тегін қамтылағы отыр.

«Өңірде 109 494 оқушы жұмыспен қамтылады», дейді басқарма басшысы. Соның ішінде 15 640 оқушы еңбекпен, 6 101 оқушы туристік саяхатпен, 53 851 оқушы шығармашылық, 33 163 оқушы интеллектуалдық, 739 оқушы халықаралық іс-шаралармен қамтылмақ.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры биыл дарынды ауыл балаларының интеллектуалдық, шығармашылық қабілетін жетілдіру және қолдау көрсету мақсатында «ҚН Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасын бастаған екен. Осы жоба аясында 5-8-сыныпта оқитын ауыл балаларын сауықтыру үшін 829 оқушыға квота берілген. «Қазір дайындық жұмысы жүріп жатыр», дейді Айгүл Әділгерейқызы.

Биыл Батыс Қазақстан облысында су тасқынына байланысты төтенше жағдай жарияланған болатын. Осыған орай тасқыннан зардап шеккен отбасының 183 баласы сәуір айында түрлі сауықтыру лагерлерінде демалып қайтты. Оқу-ағарту министрлігі бекіткен квотаға сәйкес «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының филиалдарына су тасқынынан зардап шеккен 160 оқушы мамыр айында сауықтыруға жіберілді.

Бұдан басқа су тасқынынан зардап шеккен отбасының балалары аудандық, қалалық, қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлермен қамтамасыз



етілетік. Сондай-ақ басқа өңірлердегі, мысалы, Бурабай лагеріне және Астана, Түркістан қалаларына экскурсияларға жолдама беру қарастырылған.

– Өңірдің білім саласында қолға алынған инфрақұрылымдық жобалар аз емес. Оқу жылы аяқталысымен, мамыр айының аяғында 4 білім беру нысанының күрделі жөндеу жұмысын бастаймыз. Облыс бойынша қазіргі таңда 8 мыңнан астам баланы қамтитын барлығы 12 мектептің құрылысы жүріп жатыр, – дейді облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов.

Айта кетейік, биыл өңірдегі іргелі білім ордаларының бірі – дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп-интернаты ғасырлық мерейтойын, Дина Нұрпейісова атындағы музыка мектебі – 90 жылдығын атап өтіп жатыр. Осыған орай бұл мектептердің

ғимараты жазда күрделі жөнделетін болды. Сондай-ақ Орал қаласында 1 800 бала оқып жатқан №17 мектеп пен Құрылысшы шағын ауданындағы 2 мың бала білім алатын №9 мектеп ғимараттарына да күрделі жөндеу жасалады. Бұл жұмыстар КПО компаниясының әлеуметтік инвестициялары есебінен жүзеге асырылмақ.

«Бұған қоса Жаңақала ауданындағы Кармановка мектебін «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында күрделі жөндеуге қаржы бөлінді. Ал Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық қанатқақты жобасы аясында өңірде 9 мектептің құрылысы жүріп жатыр», дейді Бақытжан Хабберұлы.

Осының ішінде 3 мектеп Орал қаласында салынады. Олар – Балауса шағын ауданында 1 500 орындық, Деркөл кентінде 1 500 орындық, медколледж аумағында 600

орындық мектеп. Ақсай қаласында да 300 және 900 орындық екі мектеп салынады. Бөрлі ауданының Пугачев ауылында – 300 орындық мектеп, Бәйтерек ауданының Байқоныс ауылында – 600 орындық, Достық ауылында – 1 200 орындық мектеп салынады. Теректі ауданына қарасты Подстепное кентінде 1 200 орындық мектеп құрылысы жүріп жатыр. Сондай-ақ Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры есебінен Орал қаласында 400 орындық №31 мектеп құрылысы басталып кетті.

Бөрлі ауданының Жарсуат ауылында, Қазталов ауданының Саралжын ауылында КПО компаниясының әлеуметтік есебінен шағын жинақты мектеп құрылысы жүріп жатыр. Қыркүйек ауылында алғашқы қоңырау соғылмақ.

**Батыс Қазақстан облысы**